

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

SERIES OF BIOLOGICAL AND MEDICAL

ISSN 2224-5308

Volume 3, Number 315 (2016), 107 – 110

**WATERBIRDS OF KARATAU REGION,
THEIR DISTRIBUTION AND DIVERSITY****E. K. Isakul, N. B. Tolbaev**

International Kazakh-Turkish University named by Kh. A. Yesevi, Turkestan, Kazakhstan.

E-mail: tonus6@mail.ru

Key words: birds, avifauna, water reservoir, migratory birds, nesting.

Abstract. Karatau ridge and its spurs - the dry, sharply continental climate region. The most important sources of fresh water in this region – small rivers and streams, most of them dry up by midsummer. During the spring floods small lakes and lagoons with a rich food source for the most of animals and particularly for the wading birds.

As an important ecosystem, artificial ponds attract not only water and wading birds are observed clusters and representatives of other environmental groups. A significant part of the avifauna of watercourses up bird in flight: it is favorable temporary shelter and parking for most of them. In addition to migrating live here and nesting and wintering birds.

The objects of our research are the three reservoirs - Koskorganskoe, Oyyk, Torlan su, and adjacent to the floodplain of the Syr Darya river is temporarily flooded areas with pronounced waterlogging.

ӘОЖ 598.243.1

**ҚАРАТАУ Өңірінің су маңы құстары,
олардың таралуы мен әралуандылығы****Е. Қ. Исақұл, Н. Б. Толбаев**

Қ. А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан

Түйін сөздер: құстар, орнитофауна, су қоймасы, өтпелі құстар, ұялау.

Аннотация. Қаратау таулы жотасының маңайында табиғи көлдердің болмауына байланысты мұнда жасанды су қоймалары құрылған. Ауыл шаруашылығында кеңінен қолданыста болатын бұл жасанды көлдерді көптеген құстар тіршілік ортасына айналдырған.

Аса маңызды экожүйе болғандықтан жасанды көлдер тек қана су және су маңы құстарына емес, сонымен қатар басқа да тобыр өкілдерін еліктіретіні анық. Мұнда кездесетіндерінің басым көпшілігі – өтпелі құстар: зерттелген су көздері көптеген құстар үшін тиімді қорек базасы және уақытша тұрақтары. Өтпелі құстардан басқа мұнда ұялайтын және қыстайтын өкілдері де жетерлік.

Біздің зерттеу объектілеріміз болып үш су қоймасы – Қосқорған, Ойық пен Торлан су және Сырдария өзенінің тасқын кезінде пайда болатын және айқын батпақтанып кететін уақытша көлшіктері. Аталған су көздерінің аса маңыздысы болып Қосқорған су қоймасы және Сырдария өзені табылады, себебі мұнда судың және жағалаудағы шалғындықтардың көлемі өте үлкен әрі құстардың қоректік базасы болатын ұсақ жәндіктерге бай. Сырдария өзенінің маңайында пайда болатын тұрақсыз көлшіктер құстардың тек көктемгі тұрағы бола алады. Күзде өзеннің өзінде су тартылып, деңгейінен түсіп кетеді. Су қоймаларының суы тартылса да, белгілі деңгейде тоқтайды, ондағы қорек айтарлықтай кемімейді. Су маңы құстары үшін ол өте қолайлы.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеу барысында су маңы құстары мен олардың тіршіліктік ерекшеліктерін бірнеше рет бақылау, ұяларын анықтау және сараптау әдістері қолданды.

Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау

Зерттеу аймағында келесі құстардың түрлері анықталды:

Татрентәрізділер төбыры – *Charadriiformes* Huxley, 1867

Біztұмсықтылар тұқымдасы – *Recurvirostridae*, Bonaparte, 1854

1. **Ұзынсирақ балшықшы – *Himantopus himantopus*, L., 1758.** Қосқорған су қоймасының жағалауында жиі кездесетін татрентәрізді құстардың өкілі. Жиі ұялап жататыны анықталды. Ұясы шалшық, сазды жерлерде аласа ойыстың ішінде, шамамен 3–4 жұмыртқа салады. Кейбір жағдайларда екі рет балапандайды. Екі рет бақылаулар жүргізу барысында олардың ұяларының өзге жануарлармен бұзылғаны анықталды. Және бақылаудағы құстар басынан ұя салуға әрекеттенуі де байқалды.

2. **Біztұмсық – *Recurvirostra avosetta*, L., 1758.** Зерттеу ауданында жиі кездеспейтін, тек қана ұшып өтетін құс. Кейбір жылдары мұнда қыстауға қалады. Зерттеу барысында үнемі жалғыз, кейде 2-3 дара болып жүретіндігі бақыланды.

Тауқұдіреттер тұқымдасы – *Scolopacidae*, Vigors, 1825

1. **Бөрте балшықшы – *Tringa glareola*, L., 1758.** Зерттелген алқаптың маңайында сәуірден маусымға дейін кездестірілді. 2014 ж. 14 сәуірде бір дарасы, 6 мамырда бірнешесі бақыланды. Оның алдында және одан кейін бұл құс біз зерттелген аумақта байқалмады. Біз зерттеген су қоймалардың бойында ұяламайды. Нағыз балшықшы, топандарда жиі мекен ететіндігі анықталды. Қосқорған су қоймасында көктемде және күзде ұшып өтеді.

Қаратау өңірінде орналасқан Ойық, Торлан су деген басқа су қоймалардың бойынан да кездестірілді. Көбіне, шағын топтарда, кейде өзге тобыр өкілдерімен бірігіп жүретіндігі анықталды.

2. **Шөпілдек – *Tringa totanus*, L., 1758.** Біз зерттеген алқапта мүлдем ұяламайды, дегенімен, өте жиі кездеседі – көктемнің наурыз, сәуір айларында және жаз-күз мезгілдерінде (қазан айына дейін). Тек жағалаудан қорек іздеп, тауып жейді. Қосқорған су қоймасының акваториясына келгенде, әсіресе көктем айларында шоғырлар түзеді. Бұл құс наурыз-сәуір айларында Сырдария өзені арнасынан шығып, көптеген уақытша шалшық көлшіктер түзгенде, көптеп кездеседі. Өзге балшықшылар мен шалшықшылардың үлкен шоғырында араласып жүретіндігі байқалды.

3. **Үлкен балшықшы – *Tringa nebularia*, Gyunnerus, 1767.** Сырдария өзенінің тасуынан туған уақытша көлшіктерде кездесті. Негізінен, өтпелі құс. Ұялары зерттеу барысында табылмады. Уақытша кездесуі көктем және күз мезгілінде. Шағын топтар құрып жүреді, кейде 28-42 даралардан тұратын шоғырлар түзеді. Қосқорған қоймасында екі рет ғана бақыланды: 13 сәуірде, 2014 жылы – сегіз құс, 31 наурызда, 2015 жылы – төрт құс.

4. **Үлкен шырғалақ – *Limosa limosa*, L., 1758.** Бұл құс та Сырдария өзенінің маңайында кездестірілді. Қосқорған, Ойық су қоймаларында кездеспеді, ал Торлан суда бір рет екі дарасы байқалды.

5. **Мамырқұс – *Actitis hippoleucos*, L., 1758.** Ұялауы ықтимал. Зерттеу барысында барған әр учаскеде ұшып, қонып, бір жерде бірнеше уақыт отырғаны бақыланды, бірақ барып көріп ұяларын анықтауға мүмкіндік болмады. Зерттеу акваторияларында бірнеше даралары шағын топтар құрап кездесті (5-9 құстан).

6. **Бұлыңғыр балшықшы – *Tringa ochropus*, L., 1758.** Барлық зерттеу кезеңдерінде тек бір рет ғана кездестірілді: Сырдария өзенінің маңайында шалғындық жағалауларында бір дарасы бақыланды.

Қарақастектестер – *Glareolidae*, Brehm, 1831

1. **Шабындық қарақасы – *Glareola pratincola*, L., 1766.** Қыстауы және ұялауы мүмкін. Зерттеу аймағында тек 2 рет көктемде кездестірілді. Негізінен, шоғыр түзіп тіршілік етуге бейімді және өзге су маңы құстарымен бірге жүреді. Көктемдегі бақылауда 2014 жылдың 31 наурызында және 9 сәуірінде шағын топтар болып кездесті – 3–4 дарадан.

Татрендер тұқымдасы – Charadriidae, Gray, 1840

1. **Қызғыш – Vanellus vanellus, L., 1758.** Жиі кездесетін және ұялайтын құс. Көбіне жалғыз, немесе жұп болып жүреді. Жыныстық диморфизм айқын емес. Ұялары шалшық жерлерде шағын жер ойысында орналасады. Сондықтан да су деңгейі көтеріліп кетсе, ұялары мен жұмыртқалары су астында қалады. Мұндай жағдай болған жағдайда бірнеше рет ұялауы ықтимал. Жұмыртқаларын шағын тастар мен жасыл өсімдіктер арасында дер кезінде таба алу қиындықтар туғызады, себебі олар сол қоршаған ландшафтпен түстес және жақсы жасырылған. Бір табылған ұяларды қайта айналып табу қиындыққа соғады.

2. **Үлкентұмсықты шүрілдек торғай Charadrius leschenaultii, Lesson, 1826.** Үлкентұмсықты шүрілдек – зерттеу аймағында жиі кездесетін және ұялайтын құс. Денесі расында да торғайдың денесінен шамалы ғана үлкен. Шөлді-далалы жерлерде, тау баурайларының жазықтарында және сирек аласа шөптесінді өсімдіктермен көмкерілген алқаптарында мекен етеді. Біз зерттеген акваторияда аз кездесті. Көктемде наурыздың соңында-сәуірдің басында ұсақ топтар болып (3–12 құс) келеді. Күзгі ұшып кетуі жайлы ақпараттар жоқ.

Дегелектәрізділер тобыры – Ciconiiformes, Bonaparte, 1854**Құтандар тұқымдасы –Ardeidae, Leach, 1820**

1. **Үлкен аққұтан – Egretta alba, L., 1758.** Жыл көшпелі құс. Жазық суларының жағалауларын мекен етеді. Ең алғашқы кездестіру біздің алқапта наурыз айының 2014 жылдың 11 жұлдызында болды. Қысы жайлы жылдары біз зерттеген аймақта қыстауы мүмкін. Оның дәлелі ретінде Құсшы-ата өзенінің арнасында бірнеше рет жалғыз құстар кездестірілген ақпарат болады. Біз зерттеген аймақта *Egretta alba alba* (Linnaeus, 1758) түр тармағы кездеседі.

Кездескен құстардың сандық сұрыптамасы жасалынды. Ол сұрыптау нәтижесі кестеде көрсетілген.

Зерттеу аймағындағы құстардың таралуы және кездесу жиілігі (2014–2015 ж.)

№	Су қоймаларының атаулары	Қосқорған		Ойық		Торлан су		Сырдария өзенінің маңайы	
		күз	көкт	күз	көкт	күз	көкт	күз	көкт
Татрентәрізділер тобыры – Charadriiformes Huxley, 1867									
Бізтұмсықтылар тұқымдасы – Recurvirostridae, Bonaparte, 1854									
1	Ұзынсырақ балшықшы - Himantopus himantopus L., 1758	24	48	1	7	11	17	31	34
2	Бізтұмсық – Recurvirostra avosetta, L., 1758	7	12	–	–	–	2	3	11
Таукүдіреттер тұқымдасы – Scolopacidae, Vigors, 1825									
3	Бөрте балшықшы – Tringa glareola, L., 1758	14	37	4	21	–	12	11	64
4	Шөпшлдек – Tringa totanus, L., 1758	7	8	–	3	–	2	–	4
5	Үлкен балшықшы – Tringa nebularia, Gyunnerus, 1767	–	17	–	–	1	1	14	23
6	Үлкен пырғалақ – Limosa limosa, L., 1758	12	18	1	–	–	–	19	43
7	Мамырқұс – Actitis hippoleucos, L., 1758	4	14	–	–	–	–	16	28
8	Бұлыңғыр балшықшы – Tringa ochropus, L., 1758	1	4	–	–	–	–	4	9
Қарақастекестер – Glareolidae, Brehm, 1831									
9	Шабындық қарақасы – Glareola pratincola, L., 1766	1	1	–	–	–	1	6	13
Татрендер тұқымдасы – Charadriidae, Gray, 1840									
10	Қызғыш – Vanellus vanellus, L., 1758	7	38	1	5	2	4	7	24
11	Үлкентұмсықты шүрілдек торғай Charadrius leschenaultii, Lesson, 1826	1	3	–	1	–	2	10	39
Дегелектәрізділер тобыры – Ciconiiformes, Bonaparte, 1854									
Құтандар тұқымдасы –Ardeidae, Leach, 1820									
12	Үлкен аққұтан – Egretta alba, L., 1758	3	7	–	–	–	–	4	7

Кестеде көрсетілгендей, аталған құстардың тіршіліктік бейімделуін, экологиялық ерекшеліктерін зерттеген төрт су көздерінде жасалынды. Бақылау жұмыстары бірнеше рет орындалды: күзде және көктемде. Кестеде бақылаулар кезіндегі жалпы кездестірілген құстар саны көрсетілген. Ондай жасаудың бірден бір себебі, зерттелген құстардың өтпелі, қыстаушы немесе ұялайтындығын анықтау болды. Кейбір құстар зерттеу су көздерінің біреулерінде мүлдем кездеспеді.

Зерттеу жұмысында тек бірнеше құстар ғана бақылау нысаны ретінде алынды. Толық орнитофаунаны сипаттау және систематикалық сұрыптау жүргізу болашақта жоспарланған. Мұнда берілген ақпарат тек белгілі бір бөлігін қамтыған. Бұл бағыттағы жұмыстар жалғастырылуды қажет етеді.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Березовиков Н.Н., Ерохов С.Н. Состояние орнитофауны водоёмов Кустанайской области в период усыхания озёр и засухи летом 1998 года // Рус. орнитол. журн. – 2009. – 18 (492). – С. 1050-1066.
- [2] Хроков В.В. Наблюдения за птицами в Центральном и Юго-Восточном Казахстане в мае 2010 года // Рус. орнитол. журн. – 2010. – Т. 19, Экспресс-вып. 594. – С. 1580-1583
- [3] Аветисян Р.М., Березовиков Н.Н., Рачковская Е.И., Султанова Б.М., Даныко Е.И., Алишев К.С. О необходимости придания озеру Жаланаш-коль (Алакольская система озёр, Юго-Восточный Казахстан) статуса особо охраняемой природной территории // Состояние и перспективы сети охраняемых территорий в Центральной Азии. – Ташкент, 2004. – С. 51-59.
- [4] Березовиков Н.Н., Ерохов С.Н., Белялов О.В. К орнитофауне озер Кокчетавской возвышенности (Северный Казахстан) // Материалы к распространению птиц на Урале, в Приуралье и Западной Сибири. – Екатеринбург, 2000. – С. 34-42.
- [5] Ерохов С.Н., Березовиков Н.Н. Материалы к орнитофауне озёрной степи и лесостепи Кустанайской области. Ч. 1 // Рус. орнитол. журн. – 2009. – 18 (516). – С. 1715-1742.
- [6] Ерохов С.Н., Березовиков Н.Н. Материалы к орнитофауне озёрной степи и лесостепи Кустанайской области. Ч. 2 // Рус. орнитол. журн. – 2009. – 18 (517). – С. 1751-1780.
- [7] www.birds.kz

REFERENCES

- [1] Berezovikov N.N., Erokhov S.N. Status avifauna reservoirs Kustanai region during the drying lakes and drought in summer 1998 // Rus. ornitol. Journ. 2009. 18 (492): 1050-1066.
- [2] Hrokov V.V. Bird watching in the Central and South-East Kazakhstan in May 2010 // Rus. ornitol. Journ. 2010. Vol. 19, issue Express. 594: 1580-1583
- [3] Avetisyan R.M., Berezovikov N.N., Rachkovskaya E.I., Sultanov B.M., Danko E.I., Alishev K.S. On the need to make the lake Zhalanash-kol (Alakol lake system in South-East Kazakhstan) the status of specially protected natural area // Status and prospects of the network of protected areas in Central Asia. Tashkent, 2004. P. 51-59.
- [4] Berezovikov N.N., Erokhov S.N., Belyalov O.V. To avifauna lakes Kokshetau Upland (North Kazakhstan) // Materials to the birds spread in the Urals, in the Urals and Western Siberia. Yekaterinburg, 2000. P. 34-42.
- [5] Erokhov S.N., Berezovikov N.N. Materials for avifauna lake steppe and forest steppe Kustanai region. Part 1 // Rus. ornitol. Journ. 2009. 18 (516): 1715-1742.
- [6] Erokhov S.N., Berezovikov N.N. Materials for avifauna lake steppe and forest steppe Kustanai region. Part 2 // Rus. ornitol. Journ. 2009. 18 (517): 1751-1780.
- [7] www.birds.kz

ОКОЛОВОДНЫЕ ПТИЦЫ КАРАТАУСКОГО РЕГИОНА, ИХ РАСПРОСТРАНЕНИЕ И ВИДОВОЕ РАЗНООБРАЗИЕ

Е. К. Исакул, Н. Б. Толбаев

Международный казахско-турецкий университет им. Х. А. Ясави, Туркестан, Казахстан

Ключевые слова: птицы, орнитофауна, водохранилища, околородные птицы, гнездование.

Аннотация. Каратауский хребет и его отроги – засушливый, резкоконтинентальным климатом регион. Наиболее важными источниками пресной воды здесь являются небольшие реки и речки, большинство из которых высыхает к середине лета. Во время весенних половодий и паводков образуются небольшие озера и лиманы с богатой кормовой базой для большинства животных и околородных птиц в частности.

Являясь важнейшей экосистемой, искусственные водоемы привлекают не только водных и околородных птиц, здесь наблюдаются скопления и представителей других экологических групп. Значительную часть орнитофауны таких водотоков составляют птицы в пролете: это благоприятные временные прибежища и стоянки для большинства из них. Помимо пролетных, здесь обитают и гнездящиеся, и зимующие птицы.

Объектами наших исследований являются три водохранилища – Коскорганское, Ойык и Торлан су, а также прилегающие к пойме реки Сырдарья временно затопляемые районы с ярко выраженным заболочиванием. Наиболее значимой из них является Коскорганское, поскольку общий объем и площадь значительно превосходят другие. Побережье водоема богато заболоченными участками с изобилующими в них беспозвоночными – основной кормовой базой изучаемых птиц.

Поступила 04.05.2016 г.